

“Лофт” стилі

Орындаған: Ғаділжанқызы Қ

304-топ

Тексерген: Тезекбаев М. К

Оспанов Т. Ж

ЛОФТ СТИЛІ



«Лофт» стилі - (ағыл. *loft* – «шатырдағы үй») ХХ ғасырдың 40-ыншы жылдарында Нью-Йорктың өнеркәсіптік аудандарында пайда болды. Лофт тастанды қойма, фабрика, зауыт немесе тұрғын үй және кеңселердің шатыр бөлмелерінің жөнделуі арқылы жасалады. Бұрынғы өнеркәсіп бөлмелерін оның кең кеңістігі мен биік төбелеріне қарап, тек қана тұрғын үйлерге емес, сәнді көрме залы бар көпфункционалды мәдени орталық, арт-кафе, мейрамхана, кеңсе, концерттік залдар үшін де қолдануға болады.

Стильдің ең басты концепциясы әртүрлі сәулеттік шешімдерді ұйымдастыру, яғни үйлестіру.

Мысалы, ескі дүние-мүлікті (кірпіш қабырға, баспалдақ, құбыр, жабындымен жабылмаған желдеткіш жүйелері, зауыттық құралдар) қазіргі заманауи мүлікпен (жаңа техника, метал және айна) ұштастыра байланыстыру.

Лофт стилінің шығу тарихы

Тастанды мануфактураларды тұрғын және жұмыс орындарға пайдалану идеясы 40-жылдары Манхэттеннің фабрикалық аудандарында пайда болды. Ол кезде жердің бағалары орталық аудандарда қымбаттай бастады. Бос алаңдарды тұрғын үйдің функционалды жақтарына (биік төбе, жақсы жарық) сонымен қатар жай пәтерлерге қарағанда жалдау бағасының арзандығына қызығып, ала бастады. Шеберханадан стильді жерге өзгергенде, лофт 1950 жылдары сәннің биік шыңы болды. Дәл осы жерде Нью-Йорктың әртістік өмірі бір жерге топтастырылғандай болды. Сәнді суретшілер лофттан өздерінің көрмелері мен студияларын ашты.

Хрестоматиялық мысал - Энди Уорхолдың «Фабрикасы» көп кешікпей бірқилы жерлері таңдаулы деген атаққа ие болды. Қала орталығынан үлкен алаңды, ескерткіш атағын алатын ғимараттарды жалдау жас суретшілердің қалталары көтермеді.

Олардың орнын қорғаушылар мен қаржыгерлер басты.

1960 жылдары лофт Еуропада аса танымал болды. Қазіргі таңдағы Батыс Еуропаның ірі мегаполистары – Лондон, Манчестер, Амстердам, Хельсинки және т.б қалаларда фабрика, зауыттар ішіндегі үйлер ең беделді және қымбат тұрады.

ЛОФТТЫ БІРНЕШЕ ТҮРГЕ БӨЛҮГЕ БОЛАДЫ:



- «*Hard lofts*» - қатты лофт – салынған құрылыстарға жаңа резиденция құру үшін қолданылады.
- «*Soft lofts*» - жұмсақ лофт – бұл жағдайда лофт арнайы жобаланған және салынған ғимарат үшін қолданылады.
- Коммерциялық лофт – индустриалды кеңістіктер төбенің минималды биіктігі 5 метр, коммерциялық мақсаттарда қолданылады.
 - Өмірлік лофт- тұрғын үй жайға байланысты дизайны жасалады.

Қатты лофт



Жұмсақ лофт

Коммерциялық лофт



ЛОФТ СТИЛІ БӨЛМЕЛЕРІНІҢ БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:



- жиһаз барынша қарапайым және функционалды;
- түстері суық;
- үлкен терезелер;
- мүлдем безендірілмеген.

Лофт стилі үйлесімді:

- Шығармашылық мамандығындағы адамдар. Лофт стилінде ең басты идеяларды өмірге әкелу арқылы шеберхана мен көрме залын бір ортаға қойуына болады.
- Үнемшіл адамдар. Лофт стилі қаржылық жағынан қарапайым адамдарға да тән, минималды шығын және барлығы қарапайым.
- Жеңіл жоспарланған пәтер иелері. Еденге дейін терезе және үлкен кеңістік – стильдің ең маңыздысы.
- Ерекшеленгісі келетін және бостандықы сүйетін адамдар. Бұндай суреттеуе барлық жаңа заттарды және стандартты емес дүниелерге ынтызар болатын, лофт стилін ең жақсы үлгіде жабдықтайтын жастар сәйкес келеді.

Шығармашылық мамандығындағы адамдар.



Лофт стилінің артықшылықтары:

- Индустриялық ерекшеліктері: өрескел гипс, тас, бетон, құбыр, шойын батарея, әр түрлі конструкциялар.
- Сәнді тенденциялары: қазіргі заманғы технологияларды (плазмалық экранды үлкен теледидар, сәнді ас үй пеші), хром беті, хай-тек стиліндегі камин.
- Бөренелермен биік төбелер.
- Үлкен терезелер, бөлмеге толықтай жарық бері үшін, көбіне ешқандай перделермен әсемделмейді.
- Жиһаз. Кез-келген болуы мүмкін қазіргі заманғы немесе антикарлық, ашық немесе суық түсте де болады, көбіне ескі мен жаңаны байланыстырады. Мысалы, былғарыдан жасалған ретро-орындықты қазіргі заманғы шыныдан жасалған үстел әсемдей түседі.

Лофт екстерьєрі





**Назарларыңызға
рахмет!**